

1

Наурыз

Алғыс

айту

күні.

«Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы

Кітап – адамзаттың ең жақын досы және ақылшысы, даналық пен білімнің қайнар көзі. Кітап – білім қазынасының кілті хәм ойдың бұлағы болғандықтан, халқымыз оны киелі, қадірлі санаған. «Оқымасаң – ой тоқырайды» - деген сөз кітап оқымағанның ойы таяз, өмірі қараңғы болатындығын дәлелдейді. Сондықтан да, кітапты бағалау, оқуға деген құштарлық, оны сүю халқымыздың қанына сіңген қасиет.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кітап оқу мен кітапханаларды қолдау қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін айрықша атап айтқаны баршамызға белгілі. Мемлекет басшысының осы бағыттағы тапсырмасына сәйкес «Кітапханаға кітап сыйла!» атты жобасы қолға алынып, іске асырылуда. Кітапханалар қорын толықтыру, жастарды оқуға тарту мақсатында аталмыш акцияны «Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-нің кітап толықтыру және өңдеу бөлімі ұйымдастырып отыр.

Акция аясында сирек кездесетін, 2000 жылдан бастап жарық көрген барлық тілдердегі ғылыми, тарихи, ауылшаруашылық, құқықтық, көркем әдебиет және балалар әдебиеті, өлкетану т.б. кітаптар қабылданады. Сыйға берілетін кітаптардың мұқабасы, бет саны түгел, жақсы жағдайда болуы шарт. Кітапхана қорын жаңа дүниелермен толықтыруға бағытталған бағалы бастама жанашыр жандардың тарапынан кеңінен қолдауға ие болуды деген сенімдеміз. Алдағы уақытта оқырмандардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып, үнемі іздену арқылы тұлғалық болмысын дамыту үшін жаңаша жетістіктерге жетелейтін көркем әдебиеттер мен ғылыми әрі танымдық кітаптарды жиі оқуды тұрақты дәстүрге айналдырса, уақыттың үдерісінен табылары даусыз. Бұл – қазіргі кездің ең басты талабы.

Сондай-ақ, «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясының жыл қорытындысы бойынша кітапханаға ең көп кітап сыйлаған демеуші «Жомарт сыйлаушы» номинациясымен және естелік сыйлықпен марапатталып, мақаласы кітапханамыздың ресми сайтында (<http://www.zhanlib.gov.kz>) және (zhanlib_kz) әлеуметтік парақшасында, БАҚ беттерінде жарияланатын болады.

Акция жайлы сұрақтар бойынша мына мекен-жайға хабарласыңыздар: С.Сейфуллин даңғылы – 28 . Тел.: 8(7130) 7-90-28, 2-67-10;

«С.Сейфуллин атындағы ОКЖ» КММ-сі кітап толықтыру және өңдеу бөлімі



"Кітапханаға кітап сыйла" акциясы